

**Ж. Жылқыбайұлы**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана, Қазақстан*

 <https://orcid.org/0009-0004-5603-619X>

*email: [Jauinbai01@mail.ru](mailto:Jauinbai01@mail.ru)*

**Р.С. Тұрысбек**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана, Қазақстан*

 <https://orcid.org/0000-0002-1322-5263>

*email: [st58@mail.ru](mailto:st58@mail.ru)*

**АЛАШ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ОТАН» АРХЕТИПІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАРИХИ  
САНАНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада ел әдебиетіндегі «Отан» архетипінің ұлттық тарихи санадағы трансформациясы жан-жақты қарастырылады. «Отан» архетипі ел әдебиетіндегі кеңістік және экзистенциалдық мағыналар тоғысқан ең көне мәдени-рухани концепт. Бұл архетиптің негізгі ұғымын қазақ әдебиеттануында түсіну үшін көшпелі космологияға және мәдени семиотикаға негізделген жергілікті поэтикалық мәтіндермен байланыстыра зерттеу жүргізіледі. Зерттеу барысында архетиптік, мифопоэтикалық, дискурсивтік талдау әдістері негізінде «Отан» архетипі кеңістік антропологиясы мен түркілік мифопоэтикалық дәстүрдің теориялық қағидалары негізінде үш құрамдас бөліктен тұратын құрылымдық модель ретінде жіктеледі. Талдау нәтижесінде ел әдебиеті дәстүріндегі Өтүкен, Жерұйық, Сарыарқа секілді архетиптік кеңістіктердің ұлттық ұжымдық бейсанада сакралды код ретінде қызмет атқаратыны анықталады. Алаш әдебиетінде «Отан» архетипінің отарлық дискурс жағдайында «Жаралы Отан» моделіне өзгеру нәтижесі негізделіп, оның ұлттық бірлікті жаңғыртатын көркемдік жүйеге айналғаны тұжырымдалады. Ел әдебиетіндегі «Отан» архетипінің ұлттық санадағы трансформациясын талдау бүгінгі әдеби теориялық парадигмалар арасында архетип теориясының мазмұнын кеңейтуге және оның әдебиеттегі қолданысы жөнінде маңызды зерттеулер мен тұжырымдамалар жасауға мүмкіндіктер береді. Мақала авторы бұл зерттеу Алаш әдебиетіндегі архетиптік қабаттарды терең зерттеуге үлес қосады деп үміттенеді.

**Түйінді сөздер:** Алаш әдебиеті; «Отан» архетипі; қасиетті орталық; құрылымдық модель; ұлттық тарихи сана; архетиптік талдау

**Мүдделер қақтығысы:**

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

**Мақаланың тарихы:**

Түскен мерзімі: 12.12.2025

Баспаға қабылданған мерзімі: 07.03.2026

### Кіріспе

Әдебиет – жалпы адамзаттың ғасырлар бойы жинақталған жазба мұрасы, кейін жекелеген халықтардың ілкі таным-түсінігі, символдық-көркемдік ойлау жүйесі, тарихи жады. Әдеби-мәдени құбылыстарды, поэтикалық мотивтер мен образдардың терең семантикалық қабаттарын қайта құрылымдауда «архетип» ұғымы теориялық құрал ретінде қолданылады. Архетип теориясын ғылыми айналымда қолданысқа енуін швед психиатры К.Г. Юнгтің жазбаларымен байланыстырады. Дегенмен, архетипологиялық ойдың бастауы антикалық философиядағы Платонның айтқан «эйдос» жайлы тұжырымымен сабақтасады (Луценко, 2009). Ғалым А. Мырзахметов архетиптің дәуірлеу тарихын сипаттай отырып, XX ғасырдың ғылыми концепциясынан «архетипке» мағыналас Э. Дюркгейм мен Л. Леви-Брюлдің «ұжымдық ұғымын», Ф. Бастианның «қарапайым идеялар» немесе «алғашқы түсінік» ұғымымен тұжырымдайды (Мырзахметов, 2021). Алайда, архетип бір орталық идеяның айналасында осы түсініктердің қалыптасу тенденциясында көрініс табады: түсініктер детальдарымен айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін, бірақ түп негізінде жатқан идея өзгерместен қалады (Юнг, 2006, б. 68). К. Юнгтің теориясын одан әрі дамытқан неміс ғалымы Э. Нойман (1998) архетиптерді трансперсональды доминанттар ретінде сипаттап, адамзат санасының эволюциялық дамуындағы негізгі құрылымдық кодтар ретінде негіздейді. Француз структуралізімінің көрнекті өкілі Ж. Дюран (2026) архетиптерді символдық ойлаудың антропологиялық негізі ретінде қарастырады. Оның тұжырымдауынша, алғашқы құрылымдық схемалардың әсерінен символдар – сөзге, архетиптер – идеяларға айналып, нәтижесінде символдар, архетиптер және схемалардың динамикалық жүйесі баяндаушылық құрылымға ұласады. Канадалық әдебиеттанушы Н. Фрай (1987) архетип теориясын көркем әдебиетті талдаудың универсал типологиялық жүйесі ретінде дамытты. Архетип теориясы жалпылай алғанда «арғыобраз», «алғашқы образ», «идея», «бастапқы форма», «үлгі», «модель», «символдық формула», «түпкіобраз» (Мырзахметов, 2021) ұғымдарын білдіреді.

Ел әдебиетінде «Ана» архетипімен байланысатын «Отан» архетипі ұлттық тарихи сананың категорияларын зерделеуде айрықша мәнге ие. «Отан» архетипі біртұтас символ ретінде қарастырылып, оның ішкі құрылымдық элементтері ұжымдық бейсанада онтологиялық концепт ретінде көрінеді. Ол адам мен кеңістіктің өзара байланысын тұтастандырып, оның мифологиялық және онтологиялық тамырын айқындайтын қасиетті орталық моделін репрезентациялайды. Алайда, Алаш әдебиетіндегі архетиптің семиотикалық, мифологиялық, психологиялық қырлары қазіргі әдебиеттануда кешенді зерттелмеген. Колониялық дискурс жағдайында «Отан» архетипінің трансформациялануы мен ұлттық тарихи сананы модернизациялауда теориялық талдауларды қайта негіздеуді қажет етеді.

Зерттеу мақсаты – «Отан» архетипінің колониялық контекстте қалай көрінетінін қарастыру. Сонымен қатар, мақала Алаш әдебиетінде бұл архетиптің семиотикалық, мифологиялық және психологиялық қабаттарын жүйелі талдау. Осы талдау негізінде ұлттық тарихи сананың модернизациялану кезеңіндегі трансформация механизмдерін анықтау. Зерттеу барысында зерттеу мақсатына сәйкес архетип ұғымының теориялық-методологиялық негіздерін айқындау, «Отан» архетипінің мифологиялық, онтологиялық, психологиялық қабаттарын айшықтау, қасиетті орталық концепциясының типологиялық үндестіктері мен Алаш

әдебиетінің колониялық дискурс жағдайындағы архетиптің трансформациялану механизмдерін талдау қарастырылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы бірнеше бағытта көрінеді. Алаш әдебиеті өкілдерінің поэтикалық мәтіндеріндегі «Отан» ұғымының үш құрамдас бөліктен тұратын құрылымдық моделіне талдау жасалып, қасиетті орталық концептісінің өзгеру динамикасы жаңа интерпретацияда түсіндірілді. Бұл архетип ұлттық тарихи жадыны қайта жаңғыртады. Ол ұлттық бірлікті тұтастандырады және сананың модернизациялық сипатын қалыптастыруда жетекші рөл атқарады.

### Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының материалы ретінде Түркі жазба ескерткіштеріндегі «Күлтегін» жазбалары (Жолдасбеков, 2012), Асан қайғы «Қыранда киік жайлаған» (Нар заман, 2007), Бұқар жырау (1993) «Бағаналы орда, басты орда», Дулат Бабатайұлы (2013) «Ақжайлау мен Сандықтас» жырлары, Сәбит Дөнентаевтың «Сарыарқа анамызға» (Сарыарқа, 2023), Міржақып Дулатұлы (2013) «Алашқа», «Сағыну», Мағжан Жұмабайұлы (2013) «Өткен күн», «Түркістан», «Сүйемін» өлеңдері таңдап алынды. Зерттеу барысында «Отан» архетипінің семиотикалық, мифологиялық және психологиялық қабаттары жүйелі талданады. Ұлттық тарихи сананың модернизациялану кезеңіндегі трансформация механизмдерін айқындау үшін архетиптік, мифопоэтикалық және дискурсивтік талдау әдістеріне жүгінеміз.

Архетиптік талдау әдісі. Юнгтің ұжымдық бейсаналық теориясына негізделеді. Оның ілімі бойынша ұжымдық бейсаналық – адамзатқа ортақ, тарихи-мәдени тәжірибеден бұрын қалыптасатын туа біткен психикалық құрылым. Архетиптер осы құрылымның терең қабатында сақталатын әмбебап бастапқы үлгілер ретінде көркем мәтінде символдар, мифологиялық мотивтер және тұрақты бейнелер арқылы көрініс табады. Юнг (2006) сипаттаған Ана архетипі өмірдің қайнарын, қорғау мен құнарлылықты білдіретін позитивті қырларымен қатар, жұту мен жоюды қамтитын амбивалентті құрылым болып табылады. Осы теориялық негізде «Отан» ұғымының символдық құрылымы архетиптік модель ретінде қарастырылды. Зерттеуде «Отан» бейнесінің ана архетипімен сабақтастығы, оның қамқоршы, қорғаныш кеңістік ретіндегі семантикасы және сакралданған мекен ретіндегі қызметі талданды. Архетиптік әдіс мәтіндегі тұрақты символдарды, мәдени кодтарды және қайталанатын кеңістік модельдерін жүйелеуге мүмкіндік берді.

Мифопоэтикалық интерпретация әдісі. Зерттеуде Элиаденің сакралды кеңістік және қасиетті мекен концепциясы негізінде «Өтүкен», «Жерұйық», «Сарыарқа» секілді архетиптік кеңістіктердің көркем бейнесі қарастырылды. Аталған әдіс «Отан» архетипінің мифологиялық модельден ұлттық тарихи сана кеңістігіне дейінгі эволюциясын айқындауға мүмкіндік берді.

Дискурсивтік талдау әдісі. Отарлық және ұлт-азаттық дискурс контекстінде Алаш әдебиетіндегі «Отан» концептісінің идеологиялық және семиотикалық өзгерісін анықтауға бағытталады. Бұл әдіс арқылы поэтикалық мәтіндердегі «жаралы Отан», «отарлық кеңістік», «азаттық» өрісі дискурстық тұрғыдан жүйеленеді. Аталған әдістер негізінде мәтін талдау, көркем мәтіндердің құрылымымен қатар семиотикалық коды мен символдар жүйесі, архетиптің құрамдас бөліктен тұратын құрылымдық модельдерін айқындауға септігін тигізеді.

### Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижелері бойынша «Отан» архетипі Юнгтің «Ана» архетипімен байланысатын кеңістік антропологиясы мен түркілік мифопоэтикалық дәстүрдің теориялық қағидалары негізінде үш құрамдас бөліктен тұратын құрылымдық модель ретінде жіктелді. Модель ұжымдық бейсаналықтағы «Отан» архетипінің семиотикалық, мифологиялық, психологиялық қабаттарын айқындауға мүмкіндік берді. Отан – ұжымдық бейсанада сакралды сипат алған, әлемнің кіндігі ретінде қабылданатын космологиялық кеңістік. Юнг еңбектеріне сүйенген М. Бодкин (1930) «архетиптік модельдер» ұғымын енгізіп, оны әдеби құрылымдардың терең символдық негізі ретінде сипаттайды. Ол бұл ұғымды «физикалық денеге таңбаланған» немесе «ми құрылымында мұраланғанын түсіндірді (Demessinova, et al., 2025). Қазақтың дүниетанымындағы «Отан» архетипі бастапқы формасын түркілік мифтік-поэтикалық ойлау жүйесінен алады. Ел әдебиетінде Отан ұғымы ежелгі көшпелі кеңістік моделінен бастау алып, «Жер-Ана», «атамекен», «Отан-Ана», «ата қоныс», «туған жер», «ата жұрт», «қасиеттік кеңістік» секілді мәдени-генетикалық константалар арқылы қалыптасқан. Дегенмен, XX ғасыр басындағы отарланған халықтарға жасаған империяның саяси-мәдени гегемониясы бұл архетиптің поэтикалық-идеялық «ата қоныстан айырылу», «Жаралы Отан», «атамекенді сағыну» секілді жаңа мазмұнда семантикалық өрісін кеңейтті. Аталған модель 1-суретте көрсетілді.



Сур. 1. «Отан» архетипі үш құрамдас бөліктен тұратын құрылымдық моделі

Біріншіден, Отан – поэтикалық мәтінде қасиетті кеңістік ретінде көрінеді. Түркі жазба ескерткіштеріндегі Өтүкен, Ергенеқон, одан кейінгі дәуірлердегі эпсаналар мен аңыздарда Жиделі-Байсын, жыраулар әдебиетіндегі Жерұйық, Еділ-Жайық, Алаш әдебиетіндегі Сарыарқа концептісі «Отан – қасиетті кеңістік, әлемнің кіндігі» моделінің көрінісі болып табылады. Қасиетті кеңістік архетипі ұлттың тарихи жады мен ұжымдық бейсаналық әрекетін тұрақтандыратын семиотикалық код қызметін атқарады.

Екіншіден, Отан – «Ұлы ана» бейнесінде көрінетін халықтың рухани тегін, мәдени-генетикалық нормаларын қалыптастырушы архетиптік форма. Жер-Ана, Отан-Ана секілді дәстүрлі ұғымдар ана-мейірімді, ана-қорғаушы моделін қалыптастырады. Отан осы қабатта ұлттың моральдық құндылығын, ұлттық жады мен санасының тарихи сабақтастығын байланыстыратын «Ана» архетиптік образына айналады.

Үшіншіден, Отан архетипінің үшінші компоненті – кіндік мекен, ата-баба сүйегі қалған ұлттың рухани үйі ретінде сипатталады. Қазақ дүниетанымындағы «атамекен», «туған жер», «қара шаңырақ» түсініктері осы архетиптің эмоциялық-экзистенциалдық құрылымын айшықтайды. Үй – жердегі қасиетті орын. Оған қарама-қарсы «үйсіздік» ұғымы қатар жүреді. Алаш әдебиеті өкілдерінің поэтикалық мәтіндерінде үйінен айырылғанын көркем бейнелеп, оны іздейді, эмоциялық күйге түсіп, еріксіз сағынады. Бұл компонент Отанды ұлттың бірегейлік өзегіне айналдырады.

Батыс зерттеушілері архетипті тек сюжет, мотив немесе «мәңгілік» образ ретінде ғана емес, мәдени және тарихи шекараларда қиылысқан арнаулы символдық модельдер мен мотивтері ретінде қарастырған (Мырзахметов, 2021). Туған жер, ата жұрт, Отан ұғымы ұжымдық жадтың, дәстүр мен болмыстың түпкі өзегі. Академик Рабиға Сыздық «Отан» сөзін XIII–XVII ғасырларда белгілі бір этникалық, территориялық тұтастықтарға бөлініп өмір сүрген, оның ірілерін ғылымда хандық деп атағандығын, ал ертеректегі ата-бабаларымыз бұл ұғымды Отан, мемлекет, хандық деп атамай, ел, жұрт, байтақ, ел-жұрт, ел күн деген сөздермен білдіргенін айтады (Сыздық, 2009, б. 130).

«Отан» ұғымы мәдени-мифологиялық дәстүрде тек географиялық мекен ғана емес, қасиетті кеңістік ретінде де дүниетанымдық модельді білдіреді. Дін тарихшысы және мәдениет философы Мирча Элиаде біркелкі және шексіз кеңістікте, ешқандай бағдар жоқ жерде, иерофания абсолюттік «бастапқы нүктені», яғни белгілі бір «Орталықты» ашатынын түсіндіреді (1994, б. 29). Бұл ұғым мифологияда, Орхон-Енесей жазба ескерткіштерінде, жыраулар поэзиясында, кейінгі Алаш Орда дәуірі әдебиетінде үздіксіз эволюция жасап, әр тарихи кезеңнің әдеби үрдісімен ұштасып отырды. Күлтегін жазба ескерткішінде Түрік жұртының алғашқы қонысы *«Өтүкен қойнауының нағыз иесі жоқ еді, бірақ ел тұтатын жер осы Өтүкен қойнауы еді (Өтүкен йыида йік иди йоқ ерміс, ел тұтсақ йер Өтүкен Йыи ерміс)»* (Жолдасбеков, 2012, б. 46). Ескерткіште жазылған *«Өтүкен қойнауында отырсаң, Мәңгі елдігіңді сақтайсың сен (Өтүкен йыи олурсар, Беңгу ел тута олуртачы сен)»* (Жолдасбеков, 2012, б. 47) деген сөздер ұрпаққа осы қасиетті мекенді аманат етіп, өсиет қалдырғаны еді. «Өтүкен» сөзінің этимологиясына мифолог Серікбол Қондыбай келесідей анықтама береді: «Өтүк» және «кен» деген сөздердің қосылуына байланысты, мұндағы «өтүк» сөзі: а) «қасиетті»; б) «отты» дегенді, ал «кен» «кеңг», «қаңғ» «кеңістік» дегенді білдіреді. Яғни сөздің мағынасына «Ыдық-Қаңғ» (Удуқ-Қаңғ) – «Отты кеңістік» немесе «Қасиетті кеңістік» (Қасиетті Ана, құрсақ кеңістігі) (Қондыбай, 2003, б. 441). Күлтегін, Тоныкөк жазбаларындағы «ел мәңгі болатын» қасиетті қоныс немесе жерұйық туралы түсінік кейінгі дәуір әдебиетінде де айшықтала түсті. Кейінгі түрік жеріндегі тарихи-элеуметтік өзгерістерге байланысты «Отан» архетипінің кеңістік моделі трансформацияға ұшырап отырды. Отан архетипінің ілкі бейнесі тұрақты сақталғанымен, географиялық көркем бейнесі тарихи жағдайларға байланысты жаңаша мәнге ие болды. Қазақ хандығы құрылған мезетте елге жаңа құтты қоныс іздеп, жер шолған Асан қайғы жырларында «Жерұйық» моделі айшықтала түсті. Асан қайғының «Қыранда киік жайлаған» жырында:

*Еділ менен Жайықтың  
Бірін жазға жайласаң  
Бірін қысқа қыстасаң,  
Ал қолыңды маларсың  
Алтын менен күміске (Нар заман, 2007, б. 9).*

Бұл жолдар арқылы қасиетті қонысқа деген ұмтылыс көне түрік мекені Өтүкенге негізделген архаикалық Отан түсінігінің жаңа тарихи шындыққа бейімделуін, архетиптің дала мәдениетінің ішкі географиялық координаталарымен қайта таңбалануын көрсетеді. Ол ұлт жадындағы тұрақты символдық құрылым арқылы өзіндік негізді айқындайды. Асан қайғы айшықтаған, сөзбен бедерлеген қасиетті қоныс жайлы Бұқар жыраудың «Бағаналы орда, басты орда» жырында да баяндалған.

*Түтінге салса саспаған,  
Шоралар сауықпен іше тауыспаған,  
Ағар бұлақ сүтті жұрт.  
Көп жылдарға бек сақтап,  
Есен де есен болған құтты жұрт.  
Бағаналы орда, басты орда,  
Байсал орда қонған жұрт (Қалқаманұлы, 1993, б. 59).*

Бұл жолдар арқылы қауымның бейсанасында сақталған «қасиетті мекен» моделін көркем бейнелейді. Жансая Жарылғапов бастаған ғалымдар негіздегендей қауымдық бейсаналық қазіргі адамдардағы ежелгі өмірлік тәжірибенің нәтижесінде қалыптасады. Сонымен қатар, ол өткеннің естелігін қалдырады – архетиптік естелік ретінде көрінеді (Zharylgarov & Syzdykova, 2023). Бұқар жырау түсінігінде қазақ жері атадан балаға қалып, дәстүр сабақтастығын жалғастырып отырған құтты Отан. Алайда, бұл Отанға XIX ғасырың екінші ширегі мен XX ғасыр басындағы жасалған отарлау саясаты және империяның саяси-мәдени гегемониясы қазақ қоғамын ата қонысынан айырып, қатты күйзелтті. Ел әдебиетінде ата қонысты қайта аңсау, отандық кеңістіктің генеалогиясын өлшеу, ұжым бейсанасында жоғалтқан «ата қоныс», «туған жер», «қасиетті мекен», «Отан» ұғымын қайта қалпына келтіру үрдісі поэтикалық мәтіндер арқылы көрініс тапты. Ақын Дулат Бабатайұлы өз жырларында:

*Ақжайлау мен Сандықтас,  
Атамның қонған қонысы.  
Түн асса, тұтам түгі өскен,  
Басылмайтын қонысы.  
Аққан бұлақ сай-салаң,  
Шытырман тоғай айналаң,  
Жоның жайлау кең алаң,  
Атам қонған кең далам,  
Мендей сені қызғанар,*

*Бауырыңда өскен қай балаң?* (Бабатайұлы, 2013, б. 26), деп өз Отанын, қасиетті мекенін архетиптік естеліктер арқылы таниды. Қазақ дүниетанымындағы эпсаналар мен поэтикалық мәтіндерде «Өтүкен», «Жерұйық», «Жиделі-Байсын», «Еділ-Жайық», «Алтай» және «Сарыарқа» киелі мекен, бабаларының ата қонысы болып, елдікті, егемендікті көрсететін символдық атаулар ретінде көрініс тапқан. Алаш әдебиетінде «Сарыарқа» алаш жұртының мәдени-тарихи өзегі ретінде зерделеніп, Отан-Ана архетипік бейнесін шоғырландырған орталық кеңістікке айналды. Ақын Сәбит Дөнентаевтың «Сарыарқа анамызға» атты өлеңінде:

*Жүрмісің сау-саламат, қайран анам!  
Көрсетті құдай көзге қайдан анам.  
Өзіңмен ұрпағыңды еткей еді,  
Жасаған жылдан есен, айдан аман* (Сарыарқа, 2023, б. 66).

Бұл архетип халықтың жинақталған тәжірибесі мен дәстүрі, ғасырлар бойы мекен еткен ата қоныс ретінде рухтандырылған арғы ата-ананың Отан-Ана символдық бейнесінде көрініс табады, яғни абсолюттің жер бетінде өмір беретін екінші болмыстық қыры ретінде көрінеді. Архетиптік құрылымдық ерекшеліктегі «Ана» архетипі «Отан-Ана» ұғымымен сабақтасып, оны ұлт бірлігі, қасиетті мекен кіндігі ретінде айқындайтын орталық негізгі символдық матрицаға айналдырады. Отан-ана – бұл архетип және ұлттық болмыстың концентрленген көрінісі, ұлттық сананың айнадағы бейнесі, оның рефлексиясы болып табылады (Полосин, 2018).

Отарлық қысымға 1909 жылы «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағы арқылы әдеби қарсылық көрсеткен Міржақып Дулатұлы «Алашқа» өлеңінде төл атауынан, қасиетті мекенінен айырылған қазақтың тұрмыс-тіршілігін көркем бейнеде суреттейді:

*Қақ жарған қара қылды биің қайда?  
Ақ орда би түсетін үйің қайда?  
Салтанат Сарыарқада құрған қазақ,  
Толықсып жүрген кеше күнің қайда?* (Дулатұлы, 2013, б. 161).

Автор архетиптік естеліктер арқылы Сарыарқа төрінде хандық құрған қазақтың бүгінгі күйін тарихи айна арқылы көрсетіп, риторикалық сұрақ қояды. Мұндағы Сарыарқа айырылған еркіндіктің, елдің егемендігін көрсеткен ұжымдық санадағы бастапқы қасиетті кеңістік, яғни Алаш жұртының Отаны ретінде көрініс табады. Ақын осы өлеңде қолданған «көк майса жер», «көшкен ел», «тура шешен», «ұлық көсем», «дулығалы батыр», «ұшқыр ат», «түзу мылтық», «болат найза» сияқты образдар елдің жауынгерлік-қаһармандық мәдени кодын қайта жаңғыртатын архетиптік таңбалар. Бұл символдар арқылы автор ұлттың тарихи куатын, Отанды қорғауда көрсеткен тұтастықты көркем құрылымдайды. Ақын Мағжан Жұмабайұлының поэтикалық туындыларында да қасиетті мекен ретінде саналған Сарыарқаның рөлі зор. Ақын «Өткен күн» өлеңінде Сарыарқаға айрықша тоқталады.

*Еділ, Жайық, Сырдария –  
Белгілі жұрт ескі су,  
Тәтті, дәмді, тармақты*

*Ұзын Ертіс, Жетісу.  
Осы бес су арасы  
Сарыарқа деген жер еді,  
Туып-өскен баласын  
Айбынды ер Алаш дер еді (Жұмабаев, 2013, б. 201).*

Еділ, Жайық, Сырдария, Ертіс, Жетісу өзендерін бір кеңістікке біріктіретін «Сарыарқа» «Ана» архетипінде тұтастандырылып, Алаш арыстарының ұғымындағы туған жер, тарихы терең қасиетті кеңістік, яғни егемендіктің орталық координатасы ретінде көрінеді. Сарыарқаның жағасындағы гидронимдер алаш жұртының ұжымдық жадын түзеп тұрған тарихи-рухани тіректер. Сондай-ақ, Мағжан Жұмабайұлы «Түркістан» атты өлеңінде:

*Арыстан елге Отан болған Тұран,  
Тұранда қазағым да хандық құрған.  
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы*

*Тұранның талай жерін билеп тұрған* (Жұмабаев, 2013, б. 315), қазақ мемлекетінің ежелгі бастауларын еске түсіретін Тұран даласын тек географиялық атау ретінде емес, ұлттық тарихи сананың түп қабатындағы «Отан» архетипінің ұжымдық бейсанадағы кеңістігі ретінде қарайды. Тұран даласының географиялық координатасына кіретін Арал, Ыстықкөл, Оқыс, Яқсарт, Жейхун, Сейхун, Тянь-Шань, Тарбағатай, Памир, Алтай атауларын жүйелі түрде тізбектей отырып, аталған аймақтардың мәдени-өркениеттік тұтастығын суреттейді. Ақын географиялық панорама ішінде Сарыарқа даласын даралай отырып, оны Тұраннан бөліп қарастырмайды:

*Тұраннан Сарыарқаны бөлек деме,  
Түркістан алты алашқа болған Кебе.  
Тұранның топырағын құшып жатыр*

*Кешегі ердің ері көкжал Кене* (Жұмабаев, 2013, б. 315), бұл жолдарда Сарыарқаны қазақ елінің рухани кеңістігінің өзегі және «Отан» архетипінің моделі ретінде айшықтап, айрықша маңызға ие топос ретінде белгілейді.

Сондай-ақ, Алаш әдебиеті поэтикасында Сарыарқа бейнесі ақындардың рухани күйзеліс кезінде қайта оралатын ұжымдық жады, архетиптік қонысы болды. Міржақып Дулатұлының «Сағыну» өлеңінде:

*Басыл енді, күлкі болма, көңілім,  
Жүрегімнің шаниши берме жарасын.  
Дейді көңілім сонда маған мұңайып,  
Сарыарқаның сағынамын даласын (Дулатұлы, 2013, б. 144).*

Империяның ел тарихына салған жарақатын және ақын жеке басындағы рухани күйзелісін емдейтін жалғыз мекен Сарыарқа даласы ретінде көрінеді. Ақын поэтикасында Сарыарқа даласы ұжымдық жадымен жалғасып жатқан символдық өріс, жеке тұлғаның экзистенциялық тірегі. Міржақып Дулатұлының «Алашқа», «Қайда едің», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Сарыарқаның жаңбыры»,

«Нүрекеңе», «Айтыс», Мағжан Жұмабайұлының «Айда атыңды, Сәрсембай», «Өткен күн», «Тез барам», «Жаралы жан», «Тірілдім», «Сүйемін», «Сағындым», «Түркістан», «Еділде», «Тілегім», «Жел, «Батыр баян» атты өлеңдерінде Сарыарқа даласы қасиетті кеңістік ретінде суреттеледі. Ақынның Сарыарқаға деген ырқынан тыс сүйіспеншілігі жеке субъектінің жан-күйі ғана емес, Отанға деген ұлттық ұжымдық бейсаналықтың жеке тұлға санасында қайта жандануы ретінде көрінеді.

### **Қорытынды**

Бүгінгі қазақ әдебиетіндегі зерттеулерде Алаш әдебиетіндегі архетиптік ұғымдарға аз көңіл бөлінген. Аталған зерттеу қазақ дүниетанымында қасиетті функция атқаратын «Отан» архетипінің қолданылу аясына назар аударады. «Отан» архетипі мифологиядан бастау алып, XX ғасыр басындағы Алаш әдебиетінде де ұлттық сананың негізі функциясына айналды. «Ана» архетипімен байланысатын «Отан» архетипі кеңістік антропологиясы мен түркілік мифопоэтикалық дәстүрдің теориялық қағидалары негізінде үш құрамдас бөліктен тұратын құрылымдық модель ретінде жіктелді. Архетиптің құрылымдық моделіне талдау жасалып, қасиетті орталық концептісінің өзгеру динамикасы интерпретацияланды. Бұл архетиптің типологиясы бірнеше кезеңдік модел арқылы сабақтасып, дамыған күрделі мифопоэтикалық құрылым ретінде көрінді. Мифтік дәуірге тән «Өткен моделі» Отанды әлемнің осі, сакралды кеңістік, космологиялық тірек ретінде қабылдады. Жыраулар әдебиетіндегі «Жерұйық моделі» Асан қайғы, Бұқар жырау, Дулат Бабатайұлы жырларында жоғалған мекенді қайта іздеу мотиві ретінде көрініп, Отанды утопиялық тұрғыдан қайта қасиетті кеңістік ретінде бейнелейді. Алаш дәуірінде «Отан» архетипі екі формада көрінді. Біріншісі, «Сарыарқа» моделі тарихи жадты қайта қалыптастырушы, ұжымдық бейсанада Отан ұғымын қайта құрылымдаушы ретінде архетиптік кеңістікті қайта жаңғыртып, Сарыарқа даласы азаттық идеясының көркем бейнесіне айналды. Екіншісі, отарлық гегемония салдарынан «Жаралы Отан» моделі Отанды күйзелген, жоғалған кеңістік ретінде сипаттап, жеке тұлға санасында қайта жандануы арқылы ақын-жазушылар шығармашылығында қайғы-мұң, сағыныш, күйзеліс арқылы архетиптің жаралы реңкін аңғартады. Жалпылай алғанда, зерттеу нәтижелері Алаш әдебиетіндегі «Отан» архетипінің ұлттық санадағы трансформациясын кешенді түрде талдауға мүмкіндік берді. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдар Алаш әдебиетіндегі архетиптің теориялық маңызы мен практикалық құндылығын тиімді түрде жүйелеуге ұмтылыстар жасады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- Бабатайұлы Д. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, мысал өлеңдер. Зерттеулер, пікірлер. Алматы: Ана тілі, 2013. 295 б.
- Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. 1: Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер. Алматы: Мектеп, 2013. 368 б.
- Дюран Ж. Антропологические структуры воображаемого. 1-й т. Перев. М. Шипова. Москва: Касталия, 2026. 188 с.
- Жолдасбеков М. Асыл арналар: жеті томдық шығармалар жинағы. Астана: Күлтегін, 2012. 343 б.
- Жұмабаев М. Отты Аттила мен едім: өлеңдер. Алматы: PS, Халықаралық Абай клубы, 2013. 340 б.

- Қалқаманұлы Б. Ай, Абылай, Абылай! Толғаулар. Алматы: Жалын, 1993. 94 б.
- Луценко Е.В. СК-анализ и система «Эйдос» в свете философии Платона // Научный журнал КубГАУ. 2009. № 45. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sk-analiz-i-sistema-eydos-v-svete-filosofii-platona-1> (қаралған күні: 19.02.2026).
- Мырзахметов А.А. Архетип және көркем шығармашылықтағы «түпсана» // Bulletin of the Karaganda University. Philology Series. 2021. № 2 (102). Б. 101–108. <https://doi.org/10.31489/2021ph2/101-108>
- Нар заман мен зар заман поэзиясы: Асанқайғыдан Әбубәкірге дейін: жыр-толғаулар / құраст. Е. Дүйсенбайұлы. Алматы: Раритет, 2007. 375 б.
- Нойман Э. Происхождение и развитие сознания. Москва: Реба-бук, Ваклер, 1998. 277 с.
- Постникова Е. Архетип «Родины-матери» в современном политическом дискурсе (А. Проханов vs Д. Быков) // Quaestio Rossica. 2018. № 4(6). Б. 1174–1187. URL: [https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/66031/1/qr\\_4\\_2018\\_17.pdf](https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/66031/1/qr_4_2018_17.pdf) (қаралған күні: 19.02.2026).
- Сарыарқа газеті. 1917–1919 жж. Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. 806 б.
- Серікбол Қ. Гипербория: түс көрген заман шежіресі. Алматы: Үш Қиян, 2003. 592 б.
- Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Алматы: Арыс, 2009. 272 б.
- Фрай Н. Анатомия критики. Очерк первый // Зарубежная эстетика и теория литературы XIX–XX вв. Трактаты, статьи, эссе. Москва: Издательство Московского университета, 1987. С. 232–263. URL: [https://readeralexey.narod.ru/Library/Frye\\_1987.pdf](https://readeralexey.narod.ru/Library/Frye_1987.pdf) (қаралған күні: 19.02.2026).
- Элиаде М. *Священное и мирское* / пер. с фр.; предисл. и коммент. Н. К. Гарбовского. Москва: Изд-во МГУ, 1994. 144 с.
- Юнг К.Г. Человек и его символы / пер. И.Н. Сиренко, С.Н. Сиренко, Н.А. Сиренко. Москва: Медко С.Б.; «Серебряные нити», 2006. 352 с.
- Bodkin, M. (1930). Archetypal patterns in tragic poetry. *British Journal of Psychology*, Vol. 21(2), 183.
- Demessinova, L., Iskakova, Z., Kazhybay, A. & al. (2025). The Home/Homeless Archetype in Modern Kazakh Literature. *Forum for Linguistic Studies*, 7(6), 506–515. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i6.9942>
- Zharylgapov, Z. & B. Syzdykova. (2023). The concept of archetype in literature and Jung's theories. *Eurasian Humanities Institute Bulletin*, 3, 172–184. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.12>

### References

- Babatayuly, D. (2013). *Shygarmalary: Olender, dastandar, mysal olender. Zertteuler, pikirler* [Works: Poems, poems, fables. Research and reviews]. Almaty: Ana tili. (in Kaz.).
- Bodkin, M. (1930). Archetypal patterns in tragic poetry. *British Journal of Psychology*, 21(2), 183.
- Demessinova, L., Iskakova, Z., Kazhybay, A. & al. (2025). The home/homeless archetype in modern Kazakh literature. *Forum for Linguistic Studies*, 7(6), 506–515. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i6.9942>
- Dulatuly, M. (2013). *Alty tomdyk shygarmalar zhinagy. T. 1: Olender, roman, pesa, angimeler* [Collected works in six volumes. Vol. 1: Poems, a novel, a play, stories]. Almaty: Mektep. (in Kaz.).

- Durand, G. (2026). *Antropologicheskiye struktury voobrazhayemogo* [Anthropological structures of the imaginary]. Perv. M. Shipova. Moskva: Castalia. (in Russ.).
- Eliade, M. (1994). *Svyashchennoye i mirskoye* [The sacred and the profane] (N. K. Garbovskii, Trans. & Comm.). Moskva: Izd-vo MGU. (in Russ.).
- Frye, N. (1987). *Anatomiya kritiki. Ocherk pervyy* [Anatomy of criticism. First essay]. In: *Zarubezhnaya estetika i teoriya literatury XIX–XX vv. Traktaty, stat'i, esse*. Moskva: Izdatel'stvo Moskovskogo universiteta, 232–263. Retrieved 19 February 2026 from [https://readeralexey.narod.ru/Library/Frye\\_1987.pdf](https://readeralexey.narod.ru/Library/Frye_1987.pdf) (in Russ.).
- Jung, C.G. (2006). *Chelovek i ego simvol'y* [Man and his symbols] (I.N. Sirenko, S.N. Sirenko, & N.A. Sirenko, Trans.). Moskva: Medko S.B.; Serebrianye niti. (in Russ.).
- Lutsenko, E.V. (2009). SK-analiz i sistema “Eidos” v svete filosofii Platona [SC-analysis and the “Eidos” system in the light of Plato’s philosophy]. *Nauchnyi zhurnal KubGAU*, 45. Retrieved 19 February 2026 from <https://cyberleninka.ru/article/n/sk-analiz-i-sistema-eydos-v-svete-filosofii-platona-1>. (in Russ.).
- Myrzakhmetov, A.A. (2021). Arkhetip zhane korkem shygarmashylyktagy “tupsana” [Archetype and the “subconscious” in artistic creativity]. *Bulletin of the Karaganda University. Philology Series*, 2(102), 101–108. <https://doi.org/10.31489/2021ph2/101-108> (in Kaz.).
- Nar zaman men zar zaman poeziyasy: Asankaigyden Abubakirge deiin: Zhyr-tolgaular* [Poetry of the “Nar” and “Zar” epochs: From Asan-Qaigy to Abubakir] (2007). Duisenbaiuly, E. (Comp.) Almaty: Raritet. (in Kaz.).
- Neumann, E. (1998). *Proiskhozhdeniye i razvitiye soznaniya* [The origin and development of consciousness]. Moskva: Reba-buk, Vakler. (in Russ.).
- Postnikova, E. (2018). Arkhetip “Rodiny-materi” v sovremennom politicheskom diskurse (A. Prokhanov vs D. Bykov) [The archetype of the Motherland-mother in contemporary political discourse]. *Quaestio Rossica*, 6(4), 1174–1187. Retrieved 19 February 2026 from [https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/66031/1/qr\\_4\\_2018\\_17.pdf](https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/66031/1/qr_4_2018_17.pdf) (in Russ.).
- Qalqamanuly, B. (1993). *Ai, Abylai, Abylai! Tolgaular* [Ai, Abylai, Abylai! Laments]. Almaty: Zhalyn. (in Kaz.).
- Saryarqa gazet. (2023). 1917–1919 zh. [Newspaper “Saryarqa”, 1917–1919]. Alashorda qogamdyq qory. (in Kaz.).
- Serikbol, Q. (2003). *Giperboreya: Tus korgen zaman shezhiresi* [Hyperborea: Chronicle of the vision-era]. Almaty: Ush Qıyan. (in Kaz.).
- Syzdyk, R. (2009). *Kazak tilindegi eskilikter men zhanalyktar* [Archaisms and innovations in the Kazakh language]. Almaty: Arys. (in Kaz.).
- Zharylgapov, Z. & B. Syzdykova. (2023). The concept of archetype in literature and Jung’s theories. *Eurasian Humanities Institute Bulletin*, 3, 172–184. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.12>
- Zholdasbekov, M. (2012). *Asyl arnalar: Zheti tomdyk shygarmalar zhinagy* [Sacred sources: Collected works in seven volumes]. Astana: Kultegin. (in Kaz.).
- Zhumabaev, M. (2013). *Otty Attila men edim: Olender* [I was the fiery Attila: Poems]. Almaty: PS; Khalyqaralyq Abai kluby. (in Kaz.).

**Ж. Жылкыбайулы, Р.С.Турысбек**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
Астана, Казахстан*

## **АРХЕТИП «ОТЕЧЕСТВО» В АЛАШСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ И ТРАНСФОРМАЦИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ**

**Аннотация.** В статье всесторонне рассматривается трансформация архетипа «Отечество» в национальном историческом сознании казахской литературы. Архетип «Отечество» является древнейшей культурно-духовной концепцией, где пересекаются пространственные и экзистенциальные значения в литературе народа. Для понимания основного содержания этого архетипа в казахской литературоведческой традиции проводится исследование в связи с локальными поэтическими текстами, основанное на кочевой космологии и культурной семиотике. В ходе исследования с использованием архетипного, мифопоэтического и дискурсивного анализа понятие «Отечество» классифицируется как структурная модель, состоящая из трёх компонентов, на основе пространственной антропологии, ассоциируемой с архетипом «Мать», и теоретических принципов тюркской мифопоэтической традиции. Результаты анализа показывают, что архетипические пространства, такие как Отукен, Жеруйык и Сарыарка в традиции национальной литературы, выполняют функцию сакрального кода в коллективном национальном сознании. В литературе Алаш обоснован результат трансформации архетипа «Отечество» в модель «Раненое Отечество» в условиях колониального дискурса, которая превратилась в художественную систему, обновляющую национальное единство. Анализ трансформации архетипа «Отечество» в национальном сознании литературы даёт возможность расширить содержание архетипической теории в современных литературно-теоретических парадигмах и внести значительный вклад в исследования и концептуализацию её применения в литературе. Автор статьи надеется, что данное исследование внесёт вклад в глубокое изучение архетипических слоёв литературы Алаш.

**Ключевые слова:** литература Алаш; архетип «Отечество»; сакральный центр; структурная модель; национальное историческое сознание; архетипический анализ

**Zh. Zhylykbauly, R. Turysbek**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University  
Astana, Kazakhstan*

## **THE ARCHETYPE OF “HOMELAND” IN ALASH LITERATURE AND THE TRANSFORMATION OF NATIONAL HISTORICAL CONSCIOUSNESS**

**Abstract.** The article examines the transformation of the archetype of “Homeland” in the national historical consciousness of Kazakh literature. The archetype of “Homeland” represents one of the oldest cultural and spiritual concepts in the literature, where spatial and existential meanings intersect. To understand the core meaning of this archetype in Kazakh literary studies, the research is based on the analysis of local poetic texts

grounded in nomadic cosmology and cultural semiotics. Using archetypal, mythopoetic, and discursive analysis, the concept of “Homeland” is classified as a structural model consisting of three components, based on spatial anthropology associated with the archetype of “Mother” and the theoretical principles of the Turkic mythopoetic tradition. The results of the analysis show that archetypal spaces such as Ötüken, Zheruyik, and Saryarka in the national literary tradition function as a sacred code within the collective national consciousness. In Alash literature, the transformation of the “Homeland” archetype into the model of the “Wounded Homeland” under the conditions of colonial discourse is substantiated, becoming an artistic system that renews national unity. The analysis of the transformation of the “Homeland” archetype in the national consciousness reflected in literature makes it possible to expand the scope of archetype theory within contemporary literary-theoretical paradigms and to make a significant contribution to the study and conceptualization of its application in literature. The author expects that this research will contribute to a deeper exploration of the archetypal layers of Alash literature.

**Keywords:** Keywords: Alash literature; archetype of “Homeland”; sacred center; structural model; national historical consciousness; archetypal analysis

#### Авторлық үлестер

**Жылқыбайұлы Ж.** – тұжырымдама, визуалдау, әдіснама, ресурстар, жазу – шолу және редакциялау.

**Тұрысбек Р.С.** – деректерге жетекшілік ету, қадағалау, тексеру.